

**Ақтөбе қалалық білім бөлімі
Қалалық ғылыми-әдістемелік орталығы
МКҚК №27 «Айгөлек» МДҰ**

Ақтөбе қаласы білім бөлімінің
2020 жылы «Б» 09 .
№ 573 . бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ

**БАҒДАРЛАМА
«Қызықты логика әлемі »**

Ақтөбе

Курс бағдарламасының негізі: Авторы: «Логика» кітабы, «Алматыкітап»
2007 ж.

Құрастырған: Аяпова Б. тәрбиеші.

«Қызықты логика әлемі» бағдарламасы №27 «Айгөлек» МДҰ әдістемелік
отырысында және педагогикалық кеңесінде талқыланды.

Хаттама №1,

«29» тамыз 2020 жыл

Меңгеруші: _____ Шаймерденова Г.М.

Қалалық сараптау комиссиясының отырысында

«Қызықты логика әлемі» бағдарламасы мақұлданды.

Хаттама №

« » қыркүйек 2020 ж.

Сараптау комиссиясының төрайымы: _____

Ж.Ж. Есенжолова

«Қызықты логика әлемі» атты тақырыбына жазылған
адаптивтік бағдарламасына

ПІКІР

Бағдарламада балалардың математикаға деген сүйіспеншілігін дамытып, білімдерін толықтыру Бағдарламаның мазмұны жас ерекшелігіне сай. Балалардың басқа да іс-әрекеттерімен байланысы және жұмыстық негізгі әдістері толық қамтылған. Бағдарламада сандар, цифрлар, геометриялық фигуралар, логикалық тапсырмаларға байланысты қызықты ойындар мен жаттығулар жүйесі енгізілген.

Бағдарламаны құрастырушы мектепке дейінгі балаларға өлең-тақпақтар, санамақтар, дидактикалық ойындар, жұмбақ есеп ойындарын пайдаланды.

Ойын түрінде берілген математикалық тапсырмаларды орындау нәтижесінде балалар заттардың екі тобын салыстыруды, артық, кемді анықтауды үйренеді

Талқыланып отырған бағдарлама осы мәселені шешуге және педагогика ғылымына жаңа технология қосуға бағытталған.

Бағдарлама даярлық тобына арналған әр бөлімнің мақсаты мен міндеттері, мазмұны мен сағат сандары көрсетілген. Аптасына 1 сағаттан жылына 36 сағатқа бағдарлама құрылған.

Бағдарламада мектеп жасына дейінгі балалармен жүргізілетін педагогикалық процестің қазіргі заманға сай мәселері қамтылған.

Бағдарламаны мектеп жасына дейінгі 4-5 жас аралығындағы балалармен жұмыс жасайтын тәрбиешілер қолдана алады.

Өрлеу БАҰО АҚ филиалы
Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық
қызметкерлердің біліктілікті арттыру институты,
Білім беру процессін психологиялық-педагогикалық
қолдау кафедрасының аға оқытушысы

С.С.Буменова

Түсінік хат

Мектеп жасына дейінгі балалардың математикалық түсініктерін дамытуда дидактикалық ойындарды қолдану өте маңызды. Себебі, 4-5 жастағы балалар ойын ойнау барысында өздерін еркін сезінеді, берілген тапсырманы тез қабылдайды, зейін қойып, оны орындауға асығады.

Ұсынылып отырған «Қызықты логика әлемі» вариативтік бағдарламасы балалардың бойына математикалық білімге деген қызығушылықты сіңіру және білімді өздігінен меңгеруге талпынуды дамыту мақсатында құрылған. Сонымен бірге базалық міндетті бөлімде баланың алған білімін одан әрі тереңдетіп, жетік меңгеруіне жағдай жасайды. Сиқырлы пішіндер мен сандар әлемі арқылы бүлдіршіндер әр түрлі заттарды санауды үйренеді және жаттығады. Соның нәтижесінде «Қанша?» «Нешінші?» сұрақтарына жауап беріп, санау қажеттігін игереді.

Ойын түрінде берілген математикалық тапсырмаларды орындау нәтижесінде балалар заттардың екі тобын салыстыруды, артық, кемді анықтауды үйренеді. Оқу жылы барысында берілген білім «Математикалық эстафета» бөліміндегі тапсырмалар бойынша тексеріліп, қорытындыланады.

«Ойнайық та, ойлайық» вариативтік бөлік бағдарламасында берілген тапсырмалар балалардың математикалық түсініктер мен ұғымдарды жеңіл игеруіне ықпал етеді деп ойлаймыз.

Мақсаты: Математикалық тапсырмаларды орындайды.

Міндеттері: Баланың танып-білуге деген құштарлығын, ой-қиялын ояту, шығармашылық ойлау қабілетін дамыту. Балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

- Тапсырмалардың мазмұнын түсініп, өздігінен дұрыс, шапшаң орындай білуі
- Сандарды баспа түрінде жаза білуі;
- Логикалық есептерді шығара білуін қалыптастыру

Бағдарламаның жылдық сағат саны мектепалды даярлық тобында 36 сағат; апталық жүктеме мектепалды даярлық тобында 1 сағат өткізіледі.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 25-30 минут.

**«Қызықты логика әлемі » бағдарламасына
Тақырыптық жоспар**

№	тақырыптары	Сағат саны
1	Жыл атасы	1
2	Зат неге ұқсайды?	1
3	Суретпен жұмыс. Заттардың бағытын,орнын ауыстыру	1
4	Заттарды санау. Тура және кері санау	1
5	«Біз нешеуміз»	1
6	Суретпен жұмыс	1
7	«Кім қай партада отыр?» (Ойын)	1
8	«Сықырлы қоржын»(Ойын)	1
9	Таныс фигураларды ата	1
10	Айырмашылығын ата	1
11	«Сәулетші» ойыны	1
12	Қызықты текше	1
13	Көңілді санамақтар	1
14	«Ойнайық та, ойлайық»	1
15	«Жылдам ойлан!»	1
16	Сырсандық білімдарларға	1
17	Бүтін және бөлік	1
18	Сұйық және сусымалы	1
19	Қай уақыт, сағат неше?	1
20	Заттардың орналасуы	1
21	Ойын есептер	1
22	Теңге, монеталар.	1
23	Ойын «Кім тапқыр?»	1
24	Арифметикалық лото (Ойын)	1
25	Есептер шығару	1
26	«Кім жылдам?»	1
27	Тез есепте!	1
28	Жұмбақ есептер	1
29	Ойын есептер «Ойлан тап!»	1
30	20-ға дейінгі сандарды санауға үйрету «Сандардың орнын тап» ойын	1
31	Не өзгерді"дидактикалық ойыны	1
32	Сандар құрамымен жұмыс	1
33	Ойнай отырып, ойла	1
34	Қосу және азайту	1
35	Сөзді керісінше ата	1
36	Математикалық эстафета	1
	Барлығы:36сағ	36

**«Қызықты логика әлемі» бағдарламасының
перспективті жұмыс жоспары**

№	Тақырыбы	Мазмұны	Сағат саны
1	Жыл атасы	Жыл мезгілдері туралы түсінігін нығайту. Балалардың көз зердесін қалыптастыру. Қиялдар, елестету және шығармашылық ойлауын дамыту; Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
2	Зат неге ұқсайды?	Түсті және заттардың пішінін ажырата білуге үйрету. Баланың даму деңгейін пішін, түс туралы түсінігін қалыптастыру. Логикалық ойлау қабілетін дамыту.	1
3	Суретпен жұмыс. Заттардың бағытын, орнын ауыстыру	Заттардың кеңістікте орналасуы жайында түсінік беру. Заттың кеңістікте орналасқан жерін көрсететін алдында, артында, арасында, қасында, ортасында сөздерімен таныстыру.	1
4	Заттарды санау. Тура және кері санау	Заттарды санау, әр түрлі белгілеріне қарай салыстыруға үйрету. Дұрыс санау қабілетін дамыту. Тиянақты болуға тәрбиелеу.	1
5	«Біз нешеуіміз»	Санауға үйрету, есте сақтау қабілетін дамыту. "Біреу және көп" ұғымын ажырата білуге тәрбиелеу.	1
6	Суретпен жұмыс	Суреттегі заттарды салыстыру, олардың айырмашылықтарын таба білуге үйрету.	1
7	«Кім қай партада отыр?» (Ойын)	Сандар қатары туралы түсініктерін бекіту. Балалардың салыстыра білу, рет-ретімен қоя білу, ажырата білу, есте сақтау, өлшей білу қабілеттерін дамыту. Тыңдап, түсініп, ұқыпты, тәртіпті болуға тәрбиелеу.	1
8	«Сиқырлы қоржын» (Ойын)	Балаларды заттарды қолмен ұстап, санауға үйрету. Мидың белсенді жұмыс істеуін, есте сақтау қабілетін дамыту. Шапшаң ойлануға тәрбиелеу.	1
9	Таныс фигураларды ата	Балалардың көз зердесін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Кеңістікті бағдалауды дамытуға, заттардың кеңістікте орналасуын, айқындайтын термендерді бекіту. Қозғалыс кезінде бағыт өзгерту дағдысын дамыту.	1
10	Айырмашылығын ата	Геометриялық фигураларды тани білу дағдыларын қалыптастыру. Мидың белсенді жұмыс істеуін, есте сақтау қабілетін дамыту.	1

	«Сәулетші» ойыны	Геометриялық фигуралардан түрлі заттар құрастыру. Баланың даму деңгейін, пішінін және түс туралы түсінігін анықтау, фигураларды басқа пішіндердің арасынан табуға үйрету. Қызығушылығын дамыту. Шапшаңдыққа тәрбиелеу.	1
12	Қызықты текше	Сандардың ретін меңгерту. Балалардың салыстыра білу, рет-ретімен қоя білу, ажырата білу, есте сақтау, өлшей білу қабілеттерін дамыту. Тыңдап, түсініп, ұқыпты, тәртіпті болуға тәрбиелеу.	1
13	Көңілді санамақтар	Жылдам санау дағдыларын ұштау. Балалардың рет-ретімен қоя білу, ажырата білу, есте сақтау, қабілеттерін дамыту.	1
14	«Ойнайықта, ойлайық»	Логикалық есептер шығаруға үйрету. Қиялдар, елестету және шығармашылық ойлауын дамыту; Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
15	«Жылдам ойлан!»	Ойын – тест арқылы қажетті жауапты таңдай білуге үйрету. Ойлау қабілетін дамыту. Қызығушылығын арттыру.	1
16	Логикалық есептер	Белгісіз санды және өрнектің мәнін табуға машықтандыру	1
17	Бүтін және бөлік	Бүтін заттың бірнеше бөліктен тұратынын түсіндіру, үйрету. Ой-қиялын дамыту.	1
18	Сұйық және сусымалы	Сұйық және сусымалы заттарды ажырата білуге үйрету	1
19	Қай уақыт, сағат неше?	Уақыт туралы түсініктерін дамыту. Қызығушылықтарын арттыру.	1
20	Заттардың орналасуы	Заттарды түр – түсіне қарай ажыратуға, санауға үйрету, ретімен орналастыру	1
21	Ойын есептер	Балалардың ауызша есептеу дағдыларын дамыту	1
22	Теңге, монеталар.	Балаларға теңге, монеталар жайында алғашқы түсінік беру	1
23	Ойын «Кім тапқыр?»	Сандар қатарының қасиеті жайындағы білімін пысықтай түсу	1
24	Арифметикалық лото (Ойын)	Кестелік қосу және азайту тәсілдерін пысықтап үйрету. Зейінін дамыту.	1
25	Есептер шығару	Арттыру, кеміту және ауызша, жазбаша есептеу дағдыларын қалыптастыру	1
26	«Кім жылдам?»	Балаларды дұрыс есептеуге үйрету. Қосу және азайту таңбаларын ажырата білу дағдыларын дамыту.	1
27	Тез есепте!	0- ден 20- ға дейінгі сандар қатарын дұрыс айтуға дағдыландыру. Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.	1